


9 мамыр – Жеңіс күні


Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

 Егер сізге мемлекеттік қызмет сапасыз көрсетілсе:

- Мерзім бұзылса
- Артық құжаттар талап етілсе
- Негізсіз бас тартылса
- Бюрократия мен сөзбұйда пайда болса
- Нәтижесімен келіспесеңіз Сіз бұзылған құқықтарды,

бостандықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру үшін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне

 + 7 (7262) 43 88 08,


 + 7 (7262) 43 88 49 телефон нөмірі немесе QR код арқылы жүгіне аласыз.


 Если вам некачественно оказали госуслугу:

- Нарушен срок
- Истребовали излишние документы
- Необоснованно отказали
- Создано бюрократия и волокита при оказании госуслуг
- Не согласны результатом

Вы можете обратиться в территориальный Департамент Агентства республики Казахстан по делам государственной службы по

Жамбылской области для восстановления нарушенных прав, свобод, и законных интересов по номеру телефона:

 + 7 (7262) 43 88 08

 + 7 (7262) 43 88 49 либо по QR коду.



Қызмет алушыларға!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі 2021 жылы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасымен қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында «Ашық диалог» алаңында онлайн нысанда сауалнама жүргізіп жатыр.

Сауалнамаға белсенді түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

Агентством Республики Казахстан по делам государственной службы в целях определения уровня удовлетворенности качеством оказания государственных услуг в 2021 году проводится онлайн анкетирование на площадке «Открытый диалог».

Просим принять активное участие в анкетировании.

ҚҰРМЕТТІ КӨСЕМӘЛІ СӘТТІБАЙҰЛЫ



Сізді бүгінгі мерейлі мерекеңіз, жеке меншік қуанышты туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлық, жүрегіңізге мәңгі жастық жалын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған – туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің ұжымы

22 желтоқсан – елімізде архив күні

Жалпы архив ежелден пайда болған. Оған баз-бір мемлекеттерде бар адамзат игілігіне айналған көне де құнды жазба дүниелері десек жарасады. Тарихта өткен дәуірлерге жүгіну үшін тарихи көне жәдігерлер баршылық. Қазақ даласында да бай кітапханалар болған. Олар шапқыншылық кезінде талан-таражға ұшырап, немесе қираған сарайлар астында қалған. Оған Тараз, Отырар, Сауран т.б. шаһарлардың бастан кешкен аянышты тағдырлары куә.

Өркениетке ілескен Қазақстанда архив саласы даму үстінде. Мемлекет тарапынан көңіл бөлініп отыр. Онда халқымыздың тарихына байланысты, әр дәуірдегі баға жетпес құнды құжаттар баршылық. Тәуелсіз Қазақстанның жасампаз тарихи сәттері де архив төрінен орын алуда.

Архив күні құтты болсын, құрметті әріптестер!!!

«АРХИВ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» АТТЫ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НАГРАДА БОЛАДЫ

Жақында Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысына Қ.Е.Көшербаев төрағалық етті.

Күн тәртібінде Геральдикалық зерттеулер орталығының жұмысы және мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіндегі мемлекеттік рәміздерді дәріптеу мен қолдану саласындағы жұмыстардың жай-күйі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің **«АРХИВ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» ведомстволық наградасын** және Республикалық комиссиясының 2021 жылға жұмыс жоспарын бекіту туралы мәселелер қаралды.

Комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт, білім және ғылым, Ұлттық экономика, Әділет, қаржы министрліктеріне Геральдикалық зерттеу жұмысын ұйымдастыру шараларын жеделдету, мемлекеттік рәміздердің пайдалану аясын кеңейту мақсатында белгіленген тәртіпте тиісті нормативтік актінің жобасын Үкіметке енгізу жұмыстарын, Ішкі істер министрлігіне мемлекеттік рәміздер саласындағы заңнамалардың сақталуын, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп іс-шаралар атқаруды назарда ұстауды тапсырды.

Мәдениет және спорт министрлігінің **«Архив саласының үздігі» ведомстволық наградасына** тиісті нормативтік құқықтық актіге толықтырулар енгізу арқылы жүргізілуін хаттамада көрсетсе, Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы «Отандастар» қорымен бірлесіп шетелдегі отандастарымызға еліміздің рәміздерін насихаттау бойынша жұмыстар жүргізілуін көрсетті.

Орталық мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдіктеріне облыстар мен қалаларда

ашылған мемлекеттік рәміздерді насихаттау орталықтарын геральдика тақырыбындағы, Қазақстан тарихына қатысты және басқа да республикамыздың қазіргі өміріне арналған көрме, мұражай мұрағаттары материалдарымен толықтыруды қарастыру жөнінде айтылды.

“Ашық есік күні” өтеді

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ашық есік күні» өтеді

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Жамбыл облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» туралы ағымдағы жылдың 23 қазанында «Ашық есік күні» өткізетінін хабарлайды. Өтетін жері: Тараз қаласы, Абай көшесі, 125А.